



Қазақстан 2050

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТИ
ФАКУЛЬТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ
FACULTY OF INTERNATIONAL RELATIONS

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2021 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 6-8 апреля 2021 года

MATERIALS

International Scientific Conference
of Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 6-8, 2021

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХИМИЯ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ХИМИИ И ХИМИЧЕСКОЙ ТЕХНОЛОГИИ
FACULTY OF CHEMISTRY AND CHEMICAL TECHNOLOGY

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2021 жыл

МАТЕРИАЛЫ
международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 6-8 апреля 2021 года

MATERIALS
International Scientific Conference
of Students and Young Scientists
«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 6-8, 2021

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

Под общей редакцией:
д.ю.н., профессора **Айдарбаева С.Ж.**
доктора PhD **Парпиева С.М.**

Ответственный редактор
Ақтас Ә.Қ.

Редколлегия:
к.э.н., ст. преподаватель **Дабылтаева Н.М.**
доктор PhD, и.о. доцента **Баймагамбетова З.М.**
к.ф.н., и.о. доцента **Бакитов А.Т.**
ст. преподаватель **Бакирланова А.Н.**
ст. преподаватель **Байтукаева Д.У.**

2-бөлім

«**Фараби** әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары.
Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2021 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 246 б.

ISBN 978-601-04-5270-1

СОТТАЛҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖАЗАСЫН ӨЗІ АЗАМАТЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЕЛДЕ ӨТЕУ ҮШІН БЕРУ ТӘРТІБІ

Орынбасар Әлия,

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ «Халықаралық құқық»

Мамандығының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.қ., аға оқытушы Татаринов Д.В.

Кіріспе. 1975 жылғы өткен БҰҰ V конгресінде сотталған тұлғаларды өзі азаматы болып табылатын елде жазасын өтеу үшін беру институтын тәжірибеге енгізу қабылданды. Ұстап берумен салыстырғанда беру қылмыстық сот әділдігін жүзеге асырудағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың салыстырмалы түрде жаңа бағыты. 1978 жылға дейін сотталған тұлғаларды беру шарттармен реттелмегендіктен тек қана өзара екі жақтылық қағидасы негізінде жүзеге асырылатын. Дегенмен, берудің талаптарының нақты реттелмеуіне байланысты бұл мәселе өте баяу шешілді не мүлдем қарастырылмады. Бұл осы мәселенің ұлттық заңдарда реттелмегендігімен түсіндіріледі.

Н.А.Сафаров жалпы беру мен экстрадиция ұғымын ажырата білу қажеттігін көрсетіп, халықаралық тәжірибеге сәйкес бұл процедураны қолданудың бірнеше жолын: біріншіден, айыпталғандарды беру – бұл мемлекеттердің халықаралық қылмыстық трибуналдармен ынтымақтастығының бір нысаны ретінде; екіншіден, бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды азаматы болып табылатын мемлекетке жазасын өтеу үшін беру; үшіншіден, тұлғаларды беру қамауға алудың Еуропалық ордерін қолдану аясындағы жеке процедура ретінде қолданылатындығын көрсетеді[1].

КСРО ыдырап Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған кезде қалған мұралардың бірі Қазақстан түрмелеріндегі қисапсыз саны көп сотталған тұлғалар болды. Осыған байланысты тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміз түрме индексі бойынша 14 миллион халыққа – 100 мың сотталған тұлға көрсеткіші бойынша АҚШ мен Ресейден кейін үшінші орында тұрды. Кейіннен қабылданған жүйелі шаралар нәтижесінде Балтық елдері, БАӘ, Түркия, Израиль, Грузия сияқты елдерді басып озып 62 орынға шықты. Қазіргі таңда Сингапур деңгейіне жеттік. 2012 жылы 1 қаңтардағы «түрме халқының» саны 52,5 мың адамды құраса, қазіргі таңда – 30% азайып 36,6 мың адамды құрайды.

Сотталғандардың санының азаюы экономикалық жағынан да тиімді, тек 2016 жылы 12 млрд бюджет қаражаты (35 млн АҚШ долларынан артық) үнемделді[2].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында прокуратура органдарында халықаралық ынтымақтастық бөлімдері мен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету бойынша құқықтық тәжірибе болған жоқ, халықаралық құқықтық базаны жаңадан жасап, сотталған тұлғаларды беру тетіктерін жасау қажеттігі туындайды. Сотталған тұлғаларды жазасын ары қарай өтеу үшін беру аясындағы дамыған құқықтық жүйені қалыптастыру Бас прокуратураның қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Сотталған тұлғалардың азаматы болып табылатын елде жазасын өтеу жазаны орындаудың мақсатына тиімді қол жеткізуге, олардың қоғамға түзеліп оралуына септігін тигізеді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процессуалдық кодексінде сотталған тұлғаларды беру тетіктері мен Прокурордың осы аядағы құзіреттіліктері мен өкілеттіктеріне бір тарау арналған.

ҚР Бас прокуратурасы сотталған тұлғаларды азаматтық еліне беру мәселелеріне қатысты өкілетті құзіретті орган болып табылады. ҚР Конституциясының 11 бабына сәйкес мемлекет өз аумағынан тыс жерде өз азаматтарын қорғап, қамқорлық жасауы тиіс. Прокурор ҚР консулдары сияқты азаматтардың елге оралуына жағдай жасайды. Сотталған тұлғаларды өзі азаматы болып табылатын елде жазасын өтеу үшін берудің экстрадициядан басты айырмашылығы оның келісімінің болуында. Сонымен қатар, Бас прокурор сотталған тұлға берілетін азаматы болып табылатын елдің Қазақстандық соттың үкімінде көзделгеннен басқа оған қатысты басқа жаза түрлері мен мерзімдерді қолданбауын, сотталушының арнамысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келетін азаптау мен басқа да әдістерді қолданбайтығына кепілдік беруді талап етеді[3].

Сотталғандарды отанына қайтарудың басты мақсаты – туыстары мен жақындарының оған жиі келіп тұруына мүмкіндік береді, ал ол кезегінде оның түзелуінде үлкен психологиялық рөл атқарады.

Халықаралық шарттар мен мемлекеттердің заңдарына, осы мәселені тікелей зерттеуге бағытталған арнайы әдебиеттерге жасалған талдау негізінде олардың құқықтарын жүзеге асыру кезіндегі процессуалдық кепілдіктерді ескере отырып, сотталған тұлғаларды берудің бірнеше кезеңін бөліп қарастыруға болады:

- азаматы болып табылатын елде жазасын өтеу туралы өтінішті алдын ала қарастыру кезеңі;
- шет елдік соттың үкімін орындаумен байланысты мәселелерді соттың шешу кезеңі;

- келісуші мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып келісімге келу кезеңі;
- қорытынды кезең.

Шет мемлекеттің сотымен бас бостандығын шектеуге сотталған азаматтардың не оның өкілінің немесе жақын туыстарының және сондай-ақ шет мемлекеттің құзіретті органының жазасын Қазақстан Республикасының аумағында өтеу туралы өтініші келісіп түскен жағдайда Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сотталған тұлғаға қатысты материалдарды жинап, зерттейді. Өтініш қанағаттандырылған жағдайда Бас Прокурор шет мемлекеттің сотының үкімін орындау туралы сотталған тұлға Қазақстан аумағынан кеткенге дейінгі тұрақты тұрғылықты жері бойынша облыстық сотқа ұйғарым шығарады.

Сотталған тұлғаның тұрғылықты жері болмаған жағдайда ҚР Жоғарғы Сотына ұйғарым шығарылады. Шет мемлекетінің сотының үкімін орындауға байланысты сот қарастыратын мәселелердің нақты тәртібі ҚР Қылмыстық процессуалдық кодексінің 541 бабымен реттелген[4].

Сот шет мемлекеттің сотының үкімін орындау туралы тиісті шешім қабылдаған жағдайда Бас прокуратура сотталған тұлғаны елге қайтаруға байланысты жұмыс жүргізуді бастайды. ҚР Бас прокуратурасы Қазақстан аумағында сотталып, жазасын өтеп жатқан басқа мемлекеттердің азаматтарының өтініштерін қарастырып, олар қанағаттандырылған жағдайда қажетті материалдарды дайындап тиісті өтінішпен шет мемлекеттердің құзіретті органдарына осы мәселені қарастыруды сұрап жүгінеді.

2009 жылы қараша айында Бас прокуратура ҚР сыртқы істер Министрлігімен бірлесіп шет мемлекеттерде қылмыстық жауапкершілікке тартылып жазасын өтеп жатқан қазақстандық азаматтар туралы мәліметтер базасын жасады. Банкті толықтыру жасаған қылмысы үшін шет елде жазасын өтеп жатқан отандастарымыз туралы қазақстандық шетелдік мекемелермен Бас прокуратураның құқықтық статистика мен арнайы тіркеу Комитетіне берілген ақпарат негізінде жүзеге асырылады. Айтылғандар ҚР Бас прокуратурасында шет мемлекеттерде бас бостандығынан айыруға сотталған қанша қазақстандық жазасын өтеп жатқандығын нақты білуіне және қажет болған жағдайда оларды елге қайтару туралы (сотталған тұлғалардың қалауы бойынша) тиісті шет елдік мекемелерде мәселені көтеруге мүмкіндік береді.

Осы мәліметтер базасы негізінде тиісінше шет мемлекеттерде 3,5 мың азамат жазасын өтеп жатырғандығын және қай мемлекеттермен келісім-шарттар жасап, оларды елге қайтару туралы мәселе қозғау қажеттігін анықтаймыз. Олардың басым бөлігі ТМД елдеріне, Ресейде – 3231 адам, Өзбекстанда – 90 және Қырғызстанда-40. Алыс шетелдерде біздің отандастарымыз ГФР-де 17, Турцияда 10, Қытайда 13, Грецияда – 8, АҚШ мен БАӘ 5 адамнан және сондай-ақ Франция, Оңтүстік Кореяда, Италия, Румыния, Швеция, Испания, Польша мен Жапонияда да жазасын өтеп жатыр.

Шет мемлекеттермен тиімді ынтымақтастық жүргізу үшін осы мемлекеттермен ортақ құқықтық база – сотталған тұлғаларды беру туралы көпжақты немесе екі жақты халықаралық шарт жасау қажет. Мұндай шарттарда сотталған тұлғаларды беру міндеттілігі, шарты мен тәртібі және процессуалдық кепілдіктер, беруден бас тарту негіздері, тараптардың және сотталған тұлғалардың құқықтары мен міндеттері бекітіледі.

Сотталған тұлғаларды беру жүзеге асырылатын басты халықаралық шарт 1998 жылы 6 наурызда жасалған сотталған тұлғаларды жазасын ары қарай өтеу үшін азаматы болып табылатын мемлекетке беру туралы ТМД конвенциясы. Оның қатысушылары – Өзірбайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан мемлекеттері. Көпжақты конвенциялардың тиімділігін ескере отырып, Қазақстан ТМД мемлекеттерінің алғашқыларының бірі болып 1993 жылғы 9 маусымдағы қылмыстық жазаны өтеу туралы Америкааралық конвенцияға қосылды. Оның қатысушылары 16 америкааралық мемлекет пен Чехия, Үндістан мен Араб Әмірліктері.

Соңғы жылдары бұл саладағы жұмыс үдетілуде. Сотталған тұлғаларды беру аясы бойынша Қазақстан 20-ға жуық елдермен екі жақты шарт жасасып, 39 елмен тиісті құқықтық база жасалды. Қазіргі таңда Қазақстанда 1983 жылы жасалған әлемнің 60 елі қатысушысы болып табылатын Еуропа Кеңесінің конвенциясына қосылуға байланысты жұмыстар атқарылуда.

Көптеген елдермен екі жақты келісімдер жасалған. Олардың қатарында Өзірбайжан, Украина, Түркменстан, Қытай Халық Республикасы, Испания карольдігі, Италия, Венгрия, Үндістан, Иран, Сербия, Сауд Арабиясы, және Литва Республикасы.

Жақын арада Вьетнам, Израиль, Иордания, Монғолия, Біріккен Араб Әмірліктері мен Оңтүстік Кореямен келісім-шарт жасау көзделуде.

Соңғы он жыл ішінде Қазақстан Республикасынан 380 сотталған тұлғалар (басым бөлігі ТМД азаматтары) берілді және шетелдік соттармен сотталған 195 Қазақстан азаматы елге қайтарылды. Тиісті шет мемлекетпен халықаралық шарттың болмауы Қазақстан мен басқа мемлекеттер үшін

сотталған тұлғаларды беру үшін кедергі болып табылмайды. Оны халықаралық екіжақтылық қағидасы негізінде беруді жүзеге асыруға болады. Мысалы, 2011 жылы екіжақтылық қағидасы негізінде Қазақстаннан Германияға неміс азаматы берілген болатын. Соңғы бес жылда Қазақстанға шет елдерде сотталып жазасын өтеп жатқан 162 азаматымыз қайтарылса, 315 шетелдік азамат өз елдеріне жазасын ары қарай өтеу үшін берілді, олардың басым бөлігі Ресей азаматтары. Л.А.Лазутин өз еңбегінде ұлттық заңдардағы екі жақтылық қағидасының болуын және кейбір халықаралық шарттарда екі жақтылық қағидасының көрсетілмегендігін ескеріп оның қолданылуы мүмкін үш жағдайды көрсетеді:

- а) ұқсас құқықтық жүйелердің болуы;
- б) бұл мәселені шешудің қалыптасқан тәжірибесінің болуы;
- в) мемлекеттер арасындағы түсіністік қатынастардың қалыптасуы.

Барлық жағдайда шешім қабылдау беру туралы өтініш білдіріліп отырған мемлекеттің қалауына байланысты. Осы себепті де халықаралық құқық Институтының екі жақтылық қағидасын құқықтық емес саяси салаға жатқызатын Оксфорд қарарының 50 бабын негізді деп есептеуге болады [5].

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасында жасалған шарт негізінде ол елден Қазақстанның пенитенциарлық жүйесінің түзету мекемелеріне ұзақ мерзімге қытай соттарымен сотталған 14 отандасымыз жазасын ары қарай өтеу үшін елге қайтарылды.

ҚР ПМ ҚАЖК 1 сәуір 2017 жылғы мәліметтері бойынша Республиканың түзету мекемелерінде 1320 шетелдік азамат, оның 1284 ТМД елдерінің азаматтары жазасын өтеуде. Соңғы үш жылда олардың саны үштен біріне дейін азайды.

2016 жылы Қазақстанның түзеу мекемелеріне шет мемлекеттерде жазасын өтеп жатқан ҚР 19 азаматы қабылданды, оның 12 Ресей Федерациясынан. Шет мемлекеттерге қазақстандық соттармен сотталған 96 шет елдік азамат берілді.

Дегенмен, Конвенцияның барлық қатысушылары шет мемлекетте сотталған өз азаматын елге қайтаруға қатысты оңтайлы шешімдер қабылдап отырған жоқ. Оған мемлекеттердің мүдделеріне нұқсан келтіреді дегеннен бастап, оны қамтамасыз етуге байланысты мемлекет бюджетінің тапшылығы деген сияқты әртүрлі себептер айтылады. Атап айтсақ, ТМД мемлекеттерінің ішінен Конвенцияны Өзбекстан Республикасы ратификациялаған жоқ және сонымен қатар олардың заңы бойынша екіжақтылық қағидасы бойынша сотталғандарды беруге жол берілмейді. Сол себепті біз бұл елден сотталған өз азаматтарымызды қайтара алмай отырмыз.

Қорытынды

Осы уақыт ішінде ҚР прокуратурасы мен құқық қорғау органдары шет мемлекеттердің құзіретті органдарымен қарым-қатынасқа түсуде жеткілікті деңгейде тәжірибе жинақтап үлгерді, сотталған тұлғаларды жазасын өтеуде тиімді әлеуметтік ортаға, өз азаматы болып табылатын елге ауыстыру арқылы қолайлы жағдай жасалып, осы саладағы ынтымақтастық әлі де жетілдіріліп, нығайтылуда.

Бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды азаматы болып табылатын елге жазасын ары қарай өтеу үшін беру құқықтық көмек көрсету институты бойынша қылмыстық істер бойынша мемлекетаралық ынтымақтастықты жүзеге асырудың дербес бір бағыты. Бұл сотталған тұлғаларға жазасын азаматы болып табылатын елде немесе тұрақты тұратын жерде өтеу үшін берілетін мүмкіндік. Бұл өз кезегінде қылмыстық жазалаудың мақсатына тиімді жетуге және адамгершілік қағидасын сақтауға септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сафаров Н. А. Экстрадиция в международном уголовном праве: проблемы теории и практики. – М.: Волтерс Клувер, 2005. –9 с.
2. Рыскулов Д. Пути совершенствования механизмов передачи осужденных лиц, заң және заман/закон и время
3. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года (с изменениями и дополнениями, внесенными Законом РК от 7 октября 1998 г. и Законом РК от 21 мая 2007 г.) // ЮРИСТ – справочная правовая система». – www.zakon.kz от 28.01.2010 г.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. Алматы: ЖШС «Издательство Норма-К», 2010.
5. Лазутин Л. А. Правовая помощь по уголовным делам как комплексное формирование в международном уголовном и уголовно-процессуальном праве. С. 220. Диссертация на соискание ученой степени доктора юридических наук. – Екатеринбург. 2008. – 434 с.

Ғылыми басылым

**«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2021

ИБ 14495

Басуға 07.05.2021 жылы қол қойылды. Формат 70x100 1/16.
Көлемі 22,8 б. т. Таралымы 5 дана. Заказ № 4811
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.



ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПА ҮЙІ

